

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 457 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне
лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы
Қазақстан Республикасының Заңы**

1-бап. Қазақстан Республикасының заң актілеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-кұжат; N 12, 88-кұжат; N 14, 19-кұжат; N 15-16, 109-кұжат; N 24, 162-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-кұжат; 1997 ж., N 1-2, 8-кұжат; N 7, 80-кұжат; N 11, 144, 149-кұжаттар; N 12, 184-кұжат; N 13-14, 195, 205-кұжаттар; N 22, 333-кұжат; 1998 ж., N 14, 201-кұжат; N 16, 219-кұжат; N 17-18, 222, 224, 225-кұжаттар; N 23, 416-кұжат; N 24, 452-кұжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-кұжаттар; N 21, 787-кұжат; N 22, 791-кұжат; N 23, 931-кұжат; N 24, 1066-кұжат; 2000 ж., N 10, 248-кұжат; N 22, 408-кұжат; 2001 ж., N 1, 7-кұжат; N 8, 52, 54-кұжаттар; N 13-14, 173, 176-кұжаттар; N 23, 321-кұжат; N 24, 338-кұжат; 2002 ж., N 2, 17-кұжат; N 15, 151-кұжат; N 19-20, 165-кұжат; 2003 ж., N 1-2, 2-кұжат; N 4, 25-кұжат; N 6, 34-кұжат; N 10, 50, 51-кұжаттар; N 11, 69-кұжат; N 14, 107-кұжат; N 15, 124-кұжат; N 15, 128-кұжат):

1) 1-бапта 1-тармақта "іс-әрекетті" деген сөзден кейін "(операцияларды)" деген

с ө з б е н

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар қолданылады:

біліктілік талаптар - белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығын алғысы келетін немесе белгілі бір іс-әрекет (операциялар) жасағысы келетін жеке және заңды тұлғалар лайық болуға тиісті талаптар;

лицензиар - лицензия беретін, қайта рәсімдейтін, тоқтата тұратын, тоқтататын және лицензия күшін қалпына келтіретін уәкілетті мемлекеттік орган;

лицензиат - белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығына немесе белгілі бір іс-әрекет (операциялар) жасауға лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға;

лицензия - жеке немесе заңды тұлғаға белгілі бір қызмет түрімен айналысуға немесе белгілі бір іс-әрекет (операциялар) жасауға уәкілетті мемлекеттік орган беретін рұқсат;

лицензиялық алым - Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес лицензияланатын қызметтің белгілі бір түрімен айналысу құқығы үшін немесе белгілі бір іс-әрекет (операциялар) жасау үшін бюджет кірісіне алынатын алым.";

3) 3-бапта 5-тармақта "қызмет түрлерін" деген сөздерден кейін "(операцияларды)" деген сөзбен толықтырылсын;

4) 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Лицензия алушыға (лицензиатқа) лицензия беруді заң актілерінде белгіленген және/немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген лицензиарлар жүргізеді.";

мынадай мазмұндағы 1-1 баппен толықтырылсын:

"1-1. Лицензиялау саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырушы мемлекеттік органды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді."

3 - т а р м а қ т а :

"Мемлекеттік органдарға (лицензиарларға)" деген сөздер "Лицензиарларға" деген сөзбен ауыстырылсын;

"өкілеттіктерін" деген сөзден кейін "лицензиялау саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырушы мемлекеттік органмен келісім бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 6-баптың үшінші бөлігі "орган" деген сөзден кейін "және/немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 7-бапта 1-тармақта "іс-әрекетті" деген сөзден кейін "(операцияларды)" деген сөзбен толықтырылсын;

7) 9 - б а п т а :

1 - т а р м а ғ ы н д а :

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес атом энергиясын пайдалануға байланысты барлық қызмет түрлері;"

11) тармақшада:

"салу" деген сөз алынып тасталсын;

"өнеркәсібі" деген сөз "өнеркәсіптік" деген сөзбен ауыстырылсын;

"гидротехникалық" деген сөз "гидроэнергетикалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

18), 22) тармақшалар алынып тасталсын;

26) тармақшада "мен топография-геодезиялық және картографиялық өнімдерді сату" деген сөздер алынып тасталсын;

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"29) минералдық шикізатты ұқсату (Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша кең таралған пайдалы қазбаларды қайта өңдеуді қоспағанда);"

31) тармақшада "тексеру," деген сөз алынып тасталсын;

35) тармақша алынып тасталсын;

46) тармақшада "экскурсиялық" деген сөз алынып тасталсын;

47), 48) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"47) темір жолдың жылжымалы составын дайындау және жөндеу; қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын арнайы контейнерлерді дайындау және жөндеу;

48) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қызмет: жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнату, монтаждау, жөндеу және пайдалану;"

мынадай мазмұндағы 58), 59) және 60) тармақшалармен толықтырылсын:

"58) шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері;

59) экологиялық аудиторлық қызмет;

60) экологиялық сараптама саласындағы табиғат қорғауды жобалау, нормалау және жұмыстар;"

2-тармағында "Табиғи ресурстарды пайдалану мен айналадағы ортаны қорғау, сондай-ақ", "лицензиялау жөніндегі қызметті" деген сөздер алынып тасталсын;

8) 10-бапта:

2) тармақшада "және мал дәрігерлік қызметімен" деген сөздер "қызметпен" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) ветеринария саласындағы қызмет, соның ішінде: ветеринарлық емдеу-профилактикалық; ветеринарлық мақсаттағы препараттарды өндіру және сату; дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды ветеринарлық мақсаттарда сату; жануар тектес өнімдер мен шикізаттың ветеринарлық-санитарлық сараптамасы;"

5) тармақша алынып тасталсын;

9) 15-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Лицензияланатын қызмет түрлеріне біліктілік талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Осы Заңға сәйкес лицензияланатын, санитариялық, экологиялық кен-техникалық қадағалау және мемәнергияқадағалау органдарының қорытындысын қажет ететін қызмет түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

10) 19-баптың 3-тармағының 1) тармақшасында "өнім" деген сөз "тауарлар (жұмыстар мен қызмет көрсетулер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 22-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында: "лицензиядағы" деген сөз "осы лицензияланатын қызмет түріне қойылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2) 2 4 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензиялық тәртіп белгіленген қызметті лицензиясыз жүзеге асырудан алынған табыс Қазақстан Республикасының заңына сәйкес бюджетке міндетті түрде алынады.";

3-тармақта "Мемлекеттік органдар (лицензиарлар)" деген сөздер "Лицензиарлар" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат, Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат):

82-1-бапта бірінші бөлігі алынып тасталсын.

3. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 13-14, 171-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат):

21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы лицензиялануға тиісті қызмет түрлері

Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы:

1) шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері;

2) экологиялық аудиторлық қызмет;

3) экологиялық сараптама саласындағы табиғат қорғауды жобалау, нормалау және жұмыстар міндетті түрде лицензиялануы тиіс."

4. "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 14, 200-құжат; N 22, 308-құжат; N 24, 443-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 24, 178-құжат):

4-бапта 5-тармағында алтыншы абзац алынып тасталсын.

5. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 7, 165 - құжат) :

18-баптың тақырыбында және мәтінінде ", салыстырып тексеру", ", салыстырып тексеруді" деген сөздер алынып тасталсын.

6. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 13-14, 175-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; 2003 ж., N 23, 168 - құжат) :

11-баптың 10) тармақшасында "және экскурсиялық" деген сөздер, 15-баптың 1, 2-тармақтарында ", экскурсиялық" деген сөз алынып тасталсын.

7. "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 320-құжат) :

- 1) 9-бапта 2-тармақта 3), 4) тармақшалар алынып тасталсын;
- 2) 14-бапта 2-тармақта екінші бөлігінде екінші сөйлем алынып тасталсын.

8. "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 6, 67 - құжат) :

19-бапта 1-тармақта 3) тармақшасында "адвокаттық қызметке байланысты емес ақылы заң қызметін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау," деген сөздер алынып тасталсын.

9. "Геодезия және картография туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 141 - құжат) :

7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Топографиялық-геодезиялық және картографиялық қызметті мемлекеттік лицензиялау

Топографиялық-геодезиялық және картографиялық қызметті лицензиялау Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады."

10. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 16, 148-құжат):

- 1) 12-баптың 1-тармағы "лицензиялау туралы" деген сөздермен толықтырылсын.

11. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына (2002 жылғы 6 желтоқсандағы "Егемен Қазақстан" N 284-285) :

- 1) 7-баптың 13) тармақшасы алынып тасталсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК